



QAZAQSTAN ULTTYQ BANKI

№7 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 12% деңгейне көтеру туралы

2020 жылғы 10 наурыз

Алматы қ.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сыртқы сектор тарапынан тәуекелдерге теріс ықпал ету аясында баға тұрақтылығын қолдау қажеттілігіне негізделген базалық мөлшерлеменің деңгейі бойынша кезектен тыс шешім қабылдады.

2020 жылғы 10 наурыздан бастап базалық мөлшерлеме пайыздық дәлізді +/- 1,5 пайыздық тармаққа дейін кеңейтіп, жылдық 12% деңгейінде белгіленеді. Тиісінше, өтімділікті ұсыну бойынша тұрақты қолжеткізу операциялары бойынша мөлшерлеме 13,5% және өтімділікті алу бойынша тұрақты қолжеткізу операциялары бойынша 10,5% болады.

Базалық мөлшерлемені арттыру туралы шешім әлемдік экономикадағы ахуалдың күрт өзгеруіне қарай қабылданды. COVID-19 коронавирусының таралу ауқымының айтарлықтай кеңеюі қазақстандық экспортты негізгі тұтынушы Қытай және Еуропалық одақ сияқты елдердің экономикалық даму перспективаларының нашарлауындағы негізгі факторға айналды.

Brent сұрыпты мұнай бағасы 2020 жылғы 9 наурызда ОПЕК+ отырысына қатысушылардың мұнай өндіруді қысқарту бойынша мәміленің талаптары туралы уағдаластыққа келе алмауы нәтижесінде күрт төмендеді. Оның белгіленген бағасы бір күнде 30%-дан аса барынша көп төмендеп, бір баррель үшін 31-36,5 АҚШ доллары деңгейінде болды.

Инфляциялық таргеттеу шеңберінде жүргізілетін Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты ел экономикасына сыртқы күтпеген өзгерістер салдарының таралуын алдын алуға, макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және теңгедегі активтерді қорғауға бағытталды.

Ұлттық Банк ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбастау бағамы режимін ұстануды сақтайды. Қажет болған кезде қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін валюталық өктемдіктер жүргізеді.

Ұлттық Банк ішкі ақша және валюта сегменттеріндегі, сондай-ақ әлемдік шикізат нарықтарындағы ахуалға үздіксіз мониторинг жүргізеді және қажеттілігіне қарай қаржылық тұрақтылықтың қосымша шараларын қабылдайды.

Базалық мөлшерлеме бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кезекті шешімі 2020 жылғы 16 наурызда Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 15:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz